

Сұлтанова Б.Б., Жора А.Б.
**Елімізде Дүниежүзілік сауда
ұйымының жағдайында ауыл
шаруашылығын дамытудың
болашағы**

Берілген мақалада агроөнеркәсіптік өндірісінде нарық қатынастарының қалыптасуы жағдайында еліміздегі ауылшаруашылығындағы біраз өзекті мәселелерін қамтитын, агроөнеркәсіптік өндірісінің тиімді экономикалық тетіктерін ұсынып, нарық экономикасы жағдайында оның жетілу жолдары мен формаларының жоғарғы варианттарын таңдап, жетілдіру жолдарын ғылыми түрде негіздеу қарастырылған. Жұмысты жазу барысында келесі зерттеу әдістері қолданылған: монографиялық, есептік, статистикалық талдау, абстрактты-логикалық әдіс.

Зерттеудің жаңалық қорытындысы төмендегідей:

- ауылшаруашылық өндірісінде сыртқы экономикалық орта элементтері мен шаруашылық ішіндегі экономикалық тетіктерді талдау;
- нарық қатынастары жағдайында шаруашылық жүргізу тетіктерінің оптимальді нұсқасын таңдау;
- АӨК қызметінің тиімді ұйымдық нысандарын белгілеу;
- АӨК ішіндегі экономикалық қатынастарды жетілдіру мәселелерін зерттеу;

Түйін сөздер: Агроөнеркәсіптік өндіріс, аграрлық сектор, субсидия, ауылшаруашылығы, дүниежүзілік сауда ұйымы, егістік жерлер.

Sultanova B.B., Zhora A.B.
**Prospects of agriculture
development in the Republic of
Kazakhstan in terms of the world
trade organization**

This article discusses the development of agriculture in the conditions of formation of market relations in agro-industrial production of the country, involving several topical issues, of the effective economic mechanism of agricultural production, offering options for the choice of ways and forms of its improvement in the conditions of market economy the highest, scientific substantiation of ways of improvement. In the course of writing the work were used following methods of research: monographic, settlement, statistical analysis, abstract – logical method.

News the research resulted in the following:

- analysis of the external economic environment and the on-farm elements of the economic mechanisms in agricultural production;
- choice of optimal economic management of agriculture and land relations in conditions of market mechanisms;
- The establishment of effective organizational forms of activity in agriculture;
- Study of problems of improvement of economic relations in agriculture;

Key words: Agricultural production, agricultural sector, subsidies, agriculture, world trade organization, arable land.

Сұлтанова Б.Б., Жора А.Б.
**Перспективы развития
сельского хозяйства в
Республике Казахстан
в условиях Всемирной
торговой организации**

В данной статье рассматривается развитие сельского хозяйства в условиях становления рыночных отношений в агропромышленном производстве страны, в частности, несколько актуальных вопросов эффективного экономического механизма агропромышленного производства, предлагая варианты выбора путей и форм его совершенствования в условиях рыночной экономики высшего, научного обоснования путей совершенствования.

Исследование включало:

- анализ внешней экономической среды и элементы внутрихозяйственных экономических механизмов в сельскохозяйственном производстве;
- выбор оптимального варианта хозяйственного ведения сельского хозяйства и земельных отношений в условиях рынка, механизмов;
- установление эффективных организационных форм деятельности в АПК;
- исследование проблем совершенствования экономических отношений внутри АПК.

Ключевые слова: агропромышленное производство, аграрный сектор, субсидии, сельское хозяйство, всемирная торговая организация, пашни.

**ЕЛІМІЗДЕ
ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САУДА
ҰЙЫМЫНЫҢ
ЖАҒДАЙЫНДА АУЫЛ
ШАРУАШЫЛЫҒЫН
ДАМУДАҒЫ
БОЛАШАҒЫ**

Қазақстан – ірі аграрлы ел. Аграрлық сектордың ел экономикасы үшін маңызы зор және ел халқының жартысынан астамының негізгі табыс көзі болып табылады. Осыған байланысты, тәуелсіздігіміздің бірінші күнінен бастап Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені экономиканың басым саласы ретінде айқындалды.

Еліміздің ауыл шаруашылық саласында іргелі орын алуының басты факторы бұл жер көлемі. Статистикалық деректерге сүйенер болсақ Қазақстан Республикасы дүниежүзінде жер көлемі бойынша 9 орынды алып отыр. Соның ішінде барлық ауыл шаруашылығы жерлерінің жалпы ауданы 222,6 млн га құрайды, оның ішінде 24 млн га егістік (10,8%), 5 млн га шабындық жер (2,2%), жайылымы 189 млн га (85%) алып жатыр. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы халқымыздың дәстүрлі кәсібі болып қалыптасып кеткен десек те болады. Егін егу, мал өсіру бұл қазақтың қанына сіңген, менталитетімізден алыстай алмайтын кәсіпкерлік түрі.

Аграрлық сектор дамуының деңгейі үнемі жоғары сатыда көрініп келеді және мемлекеттің экономикалық және қоғамдық-саяси тұрақтылық факторларын анықтай отырып жоғары сатыдан көріне бермек. Республиканың экономикалық дамуының бірегей әлеуетті бағыты бола отырып, ауыл шаруашылығы зор потенциалы мен ірі резервтерімен ерекшеленеді. Қазақстанның әрқилы климат жағдайы біркелкі жылы белдеудің барлық мәдениетінің дамуына және мал шаруашылығының дамуына әсер етеді. 2016 жылғы қаңтарда тұтастай республика бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 145,2 млрд. теңгені құрады, бұл өткен жылғы тиісті кезеңінің деңгейінен 1,9%-ға жоғары. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндіріс көлемінің өсуі еттің барлық түрі 4,5%-ға, сиыр сүті – 2,4%-ға, тауық жұмыртқасы – 5,9%-ға өсуімен түсіндіріледі. 2016 жылғы қаңтарда 2015 жылғы қаңтармен салыстырғанда ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің ұлғаюы республиканың 12 өңірінде байқалған. Алматы облысында ауыл шаруашылығы өнімдері шығарылымының өсуіне еттің барлық түрі өндірісінің 15,1%-ға және тауық жұмыртқасы – 6,4%-ға өсуі әсер етті. Шығыс Қазақстан облысында ауыл шаруашылығы өндірісінің өсуі сиыр сүтінің өндірісі 5,1%-ға,

еттің барлық түрінің – 8%-ға ұлғаюымен түсіндіріледі. Ақмола облысында еттің барлық түрінің өндірісі 9,4%-ға, тауық жұмыртқасы 27%-ға өсті.

Ендігі кезекте **еліміздің араға он тоғыз жыл салып Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелікке өткені туралы оқиғаға тоқталайық.** 2015 жылдың 27 шілдесінде мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пен Дүниежүзілік сауда ұйымының бас директоры Роберто Азеведо республиканың ДСҰ-ға мүше болуы жөніндегі хаттамаларға қол қойды. Осылайша Қазақстан ДСҰ құрамына ресми түрде кірді. Елбасымыз атап өткендей, ДСҰ-ға кіру жөніндегі келіссөздер өткен аралықта Қазақстан экономикасының құрылымы айтарлықтай өзгерді. «Экономика мейлінше қуатты әрі ашық бола түсті. Жан басына шаққандағы ІЖӨ 18 есе ұлғайып, Орталық және Шығыс Еуропа деңгейіне жетті. Сыртқы сауда көлемі 120 миллиард доллар деңгейіне шықты. Біздің сыртқы сауда айналымымыздың 90 пайыздан астамы ДСҰ-ға мүше елдерге тиесілі. Сауда қарым-қатынастарының географиясы едәуір өзгерді. Қазақстанның сауда байланыстары 90-жылдардың ортасында бұрынғы кеңестік кеңестік елдерімен ғана жүргізілсе, бүгінде біз әлемнің 185 мемлекетімен сауда-саттық жасап отырмыз», – деді мемлекет басшысы. Өз кезегінде ДСҰ бас директоры Роберто Азеведо еліміздің Ұйымға кіру үдерісі барысындағы Қазақстан Президентінің көшбасшылығына жоғары баға берді. Ұйымға мүше болу шарттарын айқындайтын келіссөздер төрт негізгі бағыты бойынша жүргізілген. Соның ішіндегі екінші бағыты – Қазақстан ДСҰ-ға кіргеннен кейін көрсете алатын ауыл шаруашылығын мемлекеттік түрде қолдайтын келіссөздер. Бұл аграрлық саласын дамытуды басымдық ретінде қарастыратын Қазақстан экономикасы үшін ең қажетті ауыл шаруашылығы саласын қолдау мен дамыту жоспарларын толықтай орындайтын нәтижелерге жетуді білдіреді. Бұл еліміздің ұстанымындағы басты мәселенің бірі. Дәл осы жерде біз өз мүмкіндіктерімізді дұрыс пайдалана алуымыз қажет. Яғни, мемлекет тарапынан берілетін субсидиялар көлемінің барынша тиімді жолдарда жұмсалуды нәтижесінде, ірі экспорттаушы елге айналу мақсаты. Бұған әсер ететін негізгі фактор, еліміздің стратегиялық маңызды аймақта орналасуы. Нақтырақ айтқанда Еуразияның кіндігінде орын тебуіміз. Сол арқылы еліміздің Иран, Ирак, Пәкістан сынды мемлекеттердің ауыл шаруашылығымен айналысуы үшін қолайлы жердің тапшы-

лығына байланысты дәнді дақылдар мен ет өнімдерін экспорттауға мүмкіндігі туады. Дәнді дақылдар өндіру жүйесі Қазақстандағы егіншілік кәсібінің негізгі саласы.

Сонымен қатар маңызды екі артықшылығы тағы бар. Біріншіден, мемлекет басшысы айтқандай, біз сауда-саттық жасайтын елдердің 90 пайызы осы ұйымға кірген. Сондықтан да қандай да бір мәселе болған кезде біздің компаниялар халықаралық механизмдер мен сауда мәселелерін шешу жөніндегі институттарға мүмкіндік алады. Екіншіден, ДСҰ – Қазақстанға сауда-саттықтың жалпы және заманауи талаптарын сақтауға көмектесетін халықаралық қауымдастық. Қандайда бір түсініспеушілік туындаған кезде оны ДСҰ ережелеріне сәйкес шешуге болады. Осылайша, біздің ДСҰ-ға мүше болуымыз шетелдік инвестицияларды тартуға бастама болады.

Десек те, тиынның екі жағы бар демекші, Қазақстан астығының сапасы жағынан да, өнімділігі жағынан да Канада мен Австралиядан асып түсетіндігін айтады. Демек, ДСҰ-ға мүшелік ету біздің астығымыздың әлемдік нарыққа шығуына жол ашады. Алайда Канада, АҚШ және Австралия астығының тоннасы үшін экспортқа кететін көлік шығыны небәрі 17\$ және 40\$ көлемінде ғана болса, Қазақстанның климат жағдайына орай, ашық теңізге бірден шығатын жолының жоқтығы және Ресейдегі ең жақын портқа дейін кететін тасымал шығыны тоннасына – 136 АҚШ долларына тең. Сөйте тұра, ірі астық өндіруші мемлекеттер Қазақстанның экспорттық субсидия алуына қарсы болып келген. Бұл да біздің алдымыздан шығар көп түйткілдің бірі.

Мемлекет басшысы ұдайы айтып отыратын «әуелі экономика, одан кейін саясат» сөзінің де астарында ауқымды ой жатыр. Шын мәнінде, экономикасы дұрыс жолға қойылған ел ғана дами алады, өседі, өркендейді. Елбасы бірінші кезекте басымдық беретін экономика саласының ішінде ауыл шаруашылығы мәселесіне тоқталып өтер болсақ, 35-қадамда ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдалану мақсатымен оларды нарықтық айналымға енгізу керек, сондай-ақ, жер кодексіне және басқа да заң актілеріне өзгерістер енгізу керек делінген.

Осының негізінде нақты бағыттарды жүзеге асыру үшін ауыл шаруашылығы экономиканың маңызды саласы деген тұжырымдама қалыптасуы қажет. Оның жұмыс істеуі және дамуы өткен ғасырмен байланыста емес, бүгінгі нарыққа ыңғайланған болуы дұрыс.

Осыған орай бір жағынан нарықтың олқы жерлерін толықтыратын, екінші жағынан аграрлық секторды мемлекеттік реттеудің жеткіліксіз жерлерін, сондай-ақ, қаржыландыру жүйесінің тиімді жүйесін және аграрлық секторды басқаруды дұрыс ұйымдастыратын ауыл шаруашылығын 2015-2020 жылдары дамыту туралы заң қабылдау қажет. Заңда ауыл шаруашылығының орны мен рөлін анықтау, оны дамытудың негізгі индикативті көрсеткіштерін белгілеу, инвестициялық жұмыстарды қолдау және реттеу, ауыл шаруашылығы қызметін субсидиялау, ауыл шаруашылығы өндірісі секторын несиелеу принциптері, азық-түлік нарығын реттеу, ауыл шаруашылығы аймағын әлеуметтік дамыту, ауыл шаруашылығына қатысты емес салаларды және ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтамасыз ету салаларын дамыту, агро азық-түлік секторын ғылыми және инновациялық қамтамасыз ету керек деп есептейміз.

Жаңа негізде республикалық бюджеттен ғана емес, жалпы, экономиканың теңестірілуіне бағытталған сапалы функциялы қаржы тұжырымдамасын әзірлеу және жүзеге асыру қажет. Ауыл шаруашылығы мемлекет экономикасы жүйесінде қарастырылуы тиіс. Ауыл шаруашылығының экономикасы – бұл экономиканың барлық салаларына тікелей және жанама ықпал етеді және Қазақстанның барлық азаматтарының тұрақты, қауіпсіздікте өмір сүруіне жағдай жасайды. Мысалы, ауыл шаруашылығында шешілмей жүрген бір мәселе жер мәселесі және өнімдерді сақтандыру деп айтар едік. Бұл туралы 36-қадамда нақты айтылған. Жер телімдерін мақсатты пайдалану түрін өзгертуге рұқсат алу ресімдерін жеңілдету, ауылшаруашылық жерлерін пайдалануға тұрақты түрде мониторинг жүргізу, барлық пайдаланылмай жатқан жерді алдағы уақытта жекешелендіру үшін мемлекеттік қорға беру керек деп анық жазылып тұр. Осыған орай бүгінгі таңда Қазақстан Үкіметінің араласуымен ауыл шаруашылығы мәдениетін қолдау, сақтандыру мақсатында мемлекеттік қор құру қажеттілігі туындайды. Қордың ақша ресурстарын сақтау мақсатында, олар тек қана Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің депозиттерінде сақталуы керек.

Бүгінгі күнде несиелерді мерзімінде қайтару үшін ауылшаруашылық өндірісінің мүліктерін кепілге алу шаралары жүзеге асырылып жатыр. Алайда, егін өнімі аз болған жылдары, яғни кіріс болмаған жағдайда кепілге алған мү-

лік шығынның орнын толтырады. Шаруашылық жүргізуші субъектілерге бұл шаруашылықтың күйреуіне әкелсе, банктер үшін шексіз кепілге алынған мүлікті қалай өткізу керек деген мәселе туындайды. Несиелерді қайтарудың ең қарапайым түрі ауылшаруашылық өнімін сақтандыру, себебі, несие сол жылғы өнімге беріледі емес пе? Сол себепті, ауылды мекендерде сақтандыру ісінің дамуына банктер үлкен қызығушылық танытады. Сондай-ақ, мемлекеттік резервтік қорда сақтандыру полисінің болуы ауылшаруашылық тауарын өндірушілерге жыл басында коммерциялық банктерден несие алу мүмкіндігін туғызады. Осылайша, көптеген фермерлер несие ресурстарына оңай қол жеткізіп, біршама өзекті мәселелер шешімін табады. Сондай-ақ, ауылшаруашылық өнімдерін сақтандырудың бүгінгі мемлекеттік түрлерін сақтау қажет. Сақтандыру тетігінің бұл жүйесін шаруашылықтың басқа да салаларына тарату қажет деп есептейміз.

Қазіргі таңда институттық органдардың негізгі бағыты мен дамуы және көлемі әр мемлекетте әртүрлі. Алайда, мемлекетпен реттелетін агроөнеркәсіптік кешені, институттық органдардың мақсаты мен міндеті, негізгі қағидаттары мен қызметі, негізгі бағыттары бірдей болып келеді. Ал олардың бағыты мен қызметіне тоқталар болсақ, ол әуелі агроөнеркәсіптік секторды қаржы-несиелік реттеу, онан соң ішкі ауылшаруашылық нарығы мен ауыл шаруашылығында өндірістік салалардың қайта жандануын реттеу, яғни кооперация болып табылады.

Қоғамда шешімін таппай жүрген мұндай мәселелер жоқ емес, бар. Сондықтан, осындай түйткілді мәселелер Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ұсынған Ұлт жоспары барысында шешімін табатынына сеніміміз мол.

Қазіргі таңда ел жағдайына бағытталған, халқымызды өзіміз алып шығатын заман туып отыр. Осы тұста ауылшаруашылығының біз үшін қолайлы тұстарын аңғарамыз. Осы секторды дамыту арқылы параллельді түрде өнеркәсіптің дамуына, халықты жұмыспен қамту шаралары, мемлекет тұрғындарын қолжетімді бағамен отандық өнімдермен қамтамыздандыру процестерін қолға алған жөн. Сол себепті, Елімізде Дүниежүзілік сауда ұйымының жағдайында ауыл шаруашылығын дамытудың болашағы жеріміздің кеңдігі мен қолдағы бар тиімді факторларды дұрыс бағытта қолдана алуында.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, «Қазақстанда жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму». – Астана, 2015 ж., 30 қараша.
- 2 Зиябеков Б. Ауылшаруашылығы – экономиканың маңызды саласы. – Алматы, 2015.
- 3 Ұлт жоспары – «100 нақты қадам», 2015 ж., 21 сәуір.
- 4 ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі сайты <http://minagri.gov.kz/>

References

- 1 The President Of The Republic Of Kazakhstan N. Nazarbayev to the people of Kazakhstan, In the new global Hulda specific: growth, reform, and development». – Astana, 2015. 30 November
- 2 Ziyabekov B. Agriculture is the most important sector of the economy. – Almaty, 2015.
- 3 The plan of the nation «100 concrete steps», 2015. – April 21.
- 4 The website of the Ministry of Agriculture of RK <http://minagri.gov.kz/>